

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 127 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2010	жылғы	25
№	127	ақпандағы
бекітілген		қаулысымен

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Миссиясы және пайымдауы
2. Ағымдағы ахуалды талдау
3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері
4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау
6. Бағдарламалық және нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі
7. Бюджеттік бағдарламалар

1. Миссиясы және пайымдауы

Миссиясы: қазіргі және болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін қамтамасыз ету жөнінде жағдайлар жасау.

Пайымдауы: экологиялық заңнама және ең жақсы халықаралық тәжірибе мен стандарттар негізінде оны сақтау тетіктері қоршаған ортаға эмиссияларды төмендетуді, ең жақсы технологияларды енгізу және табиғат қорғау іс-шаралары табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды және қалпына келтіруді қамтамасыз етеді, институционалдық шаралар орнықты даму қағидаттарын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының әртүрлі салаларына енгізуге мүмкіндік береді, қоршаған орта мониторингінің жүйесін және гидромет қызметті жаңғырту ауа-райын, дүлей табиғат құбылыстарын сенімді болжауды және халықтың қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1448 Қаулысымен

Табиғат ресурстарын ұтымсыз пайдаланумен және қоршаған ортаны ластаумен үйлесетін отандық индустрияның қазіргі заманғы сатыдағы интенсивті дамуы қоршаған ортаға антропогендік әсерді төмендету жөніндегі неғұрлым прогрессивті тетіктерді қолдануды талап етеді.

Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының атмосфераға шығарындылары жылына шамамен үш миллион тоннаны құрайды, олардың ішінде 85 %-ы 43 ірі кәсіпорынға тиесілі. Атмосфераға стационарлық көздердің 10 % шығарындылары және уытты қалдықтарының айтарлықтай үлесі шикі мұнай және ілеспе газды өндірумен айналысатын кәсіпорындарға тиесілі. 2009 жылы ластайтын заттардың атмосфераға шығарындыларының көлемі 3,4 миллион (бұдан әрі - млн.) тоннаны құрады. Шығарындылардың төмендеуі алдындағы жылмен салыстырғанда 6,1 %-ды құрады.

Жер беті суларын ластау, қоқыстау және тозу үдерісі жалғасып келеді, оның басты себебі су айдындарына тазартылмаған немесе жеткіліксіз тазартылған сарқынды суларды төгу болып табылады. Су объектілеріне жыл сайынғы төгінділер шамамен 2,5 млн. тоннаны құрайды. 2009 жылы бұл көлем 2,85 млн. тоннаны құрады, сөйтіп 2008 жылмен салыстырғанда 1,7 % төмен. Әлі күнге дейін халықтың сапалы ауыз суға қол жетімділігінің проблемасы өзекті болып отыр.

Ауаны автомобиль көлігімен ластау көлемдері неғұрлым қауіпті болып келеді, бұл республика аумағындағы автокөлік құралдары санының қарқынды өсуіне негізделген. Бұл проблема республиканың ірі қалалары үшін неғұрлым өзекті, мұнда ауа бассейнін ластауға автокөлік үлесі жалпы қалалық жиынтық шығарындылардың 60 %-ына және одан астамына жетеді.

Өндірістік қалдықтарымен ахуал барынша қанағаттанғысыз күйде қалып отыр. Қабылдап жатқан шараларды біздерді дамыған елдердің стандарттарына әлі де жақындатпайды. Елімізде 22 миллиард (бұдан әрі - млрд.) тоннадан артық қалдықтар

жинақталған, олардың 16 млрд. тоннасы - техногендік минералдық түзілімдер және шамамен 6 млрд. тоннасы - қауіпті қалдықтар. Жыл сайын 700 млн. тонна шамасында өнеркәсіптік қалдықтар түзілуде, оның ішінде 250 млн. тоннаға жуығы - улы қалдықтар. Түзілген қалдықтардың шамамен 15 % кәдеге жаратылады. Салыстыру үшін: дамыған елдерде бұл көрсеткіш 30 %-дан асады.

Осыған байланысты барынша проблемалық мәселелер болып мыналар тұрады:

- 1) ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың ауа бассейндерінің ластануы. К а с п и й және Балқаш өңірлері;
- 2) жер беті және жер асты суларының ластануы, трансшекаралық су проблемалары;
- 3) өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы;
- 4) су бұру жүйелерінің және канализациялық тазарту құрылыстарының қанағаттанғысыз жай-күйі;
- 5) шөлейттену үдерістері;
- 6) Арал және Семей экологиялық апат аймақтары;
- 7) «тарихи» ластанулар.

Көрсетілген проблемаларды шешу үшін бірінші стратегиялық бағыт ретінде қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту ерекшеленген, оның мақсаттарына қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету және табиғи ортаны қалпына келтіру кіреді.

Қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету индустриялық объектілерді әртараптандыру және техникалық қайта жарақтандыру, озық қолжетімді технологияларды енгізу. Еуроодақ тәжірибесі бойынша нормативтік эмиссиялардан өзге энергия тиімділік, энергия және ресурс үнемдеу критерийлерін, сондай-ақ озық қолжетімді технологияларға көшу мерзімдері мен тәртібін қамтитын кешенді экологиялық рұқсаттар енгізілуде. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде экологиялық нормалау енгізілетін болады, сондай-ақ нормаланатын заттардың тізімі айтарлықтай қысқартылатын болады.

Автокөлік шығарындыларын төмендету мақсатында Министрлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы техникалық регламентті сақтау үшін, сондай-ақ бөлшектеп сату желісінде сатылатын автомобиль отынының сапасы үшін мемлекеттік экологиялық бақылауды күшейтуді көздейді.

Ағымдағы сәтте негізгі кедергі пайдаланылған газдарды және бензин сапасын талдау үшін тиісті аспаптар мен аппаратураның болмауы болып табылады, оларға деген қажеттілік орташа елдің ірі қалалары үшін кемінде екеуден бағаланады.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік табиғат қорғауды бақылау жүйесінің жұмысы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қатаң сақтауға,

қоршаған ортаға кері әсерді төмендету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға, қолданылатын санкцияларды орындауға негізделген нақты нәтижелілікке бағытталатын болады.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау жай-күйінің толық көрінісін, қолданыстағы ведомстволық мониторинг жүйелері қызметінің үйлесімін қамтамасыз ету және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша дұрыс басқару шешімдерін қабылдауды ақпараттық қолдауға республикалық деңгейде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің, бірыңғай мемлекеттік жүйесі жұмыс істегенде ғана мүмкін болады. Осыған орай, аталған жүйені құру бойынша қажетті жобалық материалдарды әзірлеу жоспарланады.

Табиғи ортаны қалпына келтіру жөніндегі мақсатты іске асыру үшін Тараз, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Орал, Балқаш, Жаңаөзен, Ақтау қалаларындағы, Құрық және басқа ауылдағы су бұру жүйелерін және кәріздік тазарту имараттарын салу, қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету бойынша әрі қарай қадамдар және экологиялық апатты аймақтарында қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту, Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің ластануының алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Семей сынақ полигонының «шартты таза» аумақтарында кешенді қосымша зерттеу жүргізілетін болады. Жұмыстардың негізгі нәтижесі Семей сынақ полигонының 80 - 95 %-ға дейінгі жерлерін халық шаруашылығы айналымына енгізу болып табылады.

«Тарихи» ластануларды жою бөлігінде Елбасының Ақтөбедегі алты валентті хроммен тарихи ластануларды жою туралы тапсырмасын орындау жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады, бұл үшін қоршаған ортаны тазартудың заманауи технологиялары әзірленетін болады. Ірі қазақстандық өзендердің, атап айтқанда Ақмола облысындағы Бурабай, Щучье, Жәкей өзендерінің биологиялық ластануларын («тұнбалану») жою жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Техногендік минералдық түзілімдердің (бұдан әрі - ТМТ) белсенді қорын айқындау және аршынды жыныстар мен үйінді сақтаудың миллиондаған үйінділерін кәдеге жарату мәселесін шешу мақсатында түгендеу өткізуі қажет. Орнықты органикалық ластағыштар (бұдан әрі — ООЛ), ескірген пестицидтер және олармен ластанған аумақтар мәселесін шешу Республика үшін өзекті проблемадан кем емес. Осы проблема бойынша Еуропа өзіне аяқтау мерзімі деп 2010 жылды анықтады. Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіру кезінде осы проблема ерекше назарда болатындығын күтуге болады. Бұдан басқа, Қазақстан қауіпті химиялық заттарды және қалдықтарды басқару мәселесін реттейтін: Базель, Стокгольм және Роттердам үш конвенциялары бойынша жыл сайын есеп беру қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығымен бекітілген 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) басымдықтар ретінде ресурстарды және

энергияны тиімді пайдалану мәселелерін, теңгерімделген демографиялық саясатты, экологиялық орнықтылықты қамтамасыз етуді қояды. Орнықты дамуға қол жеткізу экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың оңтайлы үйлесу қағидаттарын сақтауды талап етеді және қоршаған ортаны қорғау даму үдерісінің ажырамас бөлігін құрауы тиіс және одан ерекшеленіп қарастырылуы тиіс емес. Орнықты даму Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Орнықты даму қағидаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында көрсетілген Қазақстанның әлемнің барынша бәсекеге қабілетті елу елдерінің қатарына кіру стратегиясының негізіне салынған.

Тұжырымдаманың 12 белгіленген параметрлерінің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 848 қаулысымен орнықты дамуға көшудің 32 салааралық нысаналы көрсеткіштері қабылданды. Бұл құжатта маңызды экономикалық, әлеуметтік, экологиялық параметрлердің нақты мәндері анықталған, оларға біздің ел 2009, 2012, 2018 және 2024 жылдарға қарай қол жеткізуді к о з д е п о т ы р .

Осыған байланысты екінші стратегиялық бағыт ретінде Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тетіктерін құру анықталады. Бұл бағыт шеңберінде Министрлік мыналарды жоспарлайды:

- 1) орнықты даму қағидаттарын және нысаналы көрсеткіштерін мемлекеттік басқарудың барлық аяларына енгізудің тиімді тетіктерін құру;
- 2) өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаға эмиссияларын нысаналы көрсеткіштерді және квоталарды белгілеу, мемлекеттік бақылау тиімділігін арттыру, экологиялық-экономикалық ынталандыруды енгізу есебінен төмендету;
- 3) экология және климатты сақтау мәселелерінде трансшекаралық және халықаралық өзара әрекеттесуді қамтамасыз етудегі Қазақстанның рөлін жандандыру.

«Балқаш-Алакөл бассейнінің 2007 - 2009 жылдарға арналған орнықты дамуын қамтамасыз ету» бағдарламасының шеңберінде Жайық-Каспий мысалында орнықты дамудың трансшекаралық аймағын құру моделі әзірленді, экожүйелік деңгейде аумақтық орнықты дамуға түбегейлі жаңа көзқарас қалыптасады.

2009 жылы 26 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік Конвенциясының Киото хаттамасын бекітті, сонымен көмірсутекті отынын жағудан парниктік газдар көлемінің үнемі ұлғаюымен шартталатын жаһандық жылынуды болдырмау бойынша дүниежүзілік қозғалысқа қосылды. Киото хаттамасын іске асыру шеңберінде парниктік газдар шығарындылары бойынша ұлттық мониторинг және есептілік жүйесін құру бойынша және Киото хаттамасының қызметін реттейтін уәкілетті орган құру бойынша шаралар қабылданып,

техникалық және консультациялық көмек көрсетуге халықаралық банктермен және ұйымдармен келіссөздер белсендендірілетін болады.

CO₂ көмірқышқыл газының (бұдан әрі - CO₂) эмиссияларын қысқарту жаңа сценарий МАРКАЛ-Қазақстан үлгісі көмегімен есептеледі, бұл үлгі климатқа әсерді жұмсарту саясатының экономикалық тиімділігін және парниктік газдарға эмиссиялардың қысқаруын бағалауға мүмкіндік береді. Үлгісіне 2020 жылға дейінгі кезеңге мынадай көрсеткіштер енгізілді: Жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) энергия сыйымдылығын 1,5-2 есе азайту, өнімділікті 3-3,5 есе арттыру, ел экономикасының жыл сайынғы өсу қарқынын 2012 жылға дейін 10 %, 2018 жылға дейін 12 %, 2024 жылға дейін 14 % шамасында сақтап тұру. Сонымен қатар, пессимистік болжамдар да қолданылды, атап айтқанда экономика саласына байланысты ел экономикасының өсу қарқыны 5 - 7 % - ға дейін.

МАРКАЛ-Қазақстан үлгісіне сәйкес энергетика секторындағы қолданыстағы технологиялар мен саланың жалпы жағдайында парниктік газдар шығарындылары, Қазақстанға Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Негіздемелік Конвенциясы тараптарының Конференциясымен базалық ретінде белгіленген, 1992 жылдың деңгейіне 2012-2014 жылдарға қарай қол жеткізілуі мүмкін.

Киото хаттамасының қолданысы 2012 жылы аяқталады, сондықтан, Қазақстан Республикасының Үкіметі пост-Киото кезеңінен кейін 1992 базалық жылдан парниктік газдар шығарындыларын 2020 жылға 15 %-ға және 2050 жылға 25 %-ға төмендету жөнінде шешім қабылдады. Қазақстан Республикасы үлкен энергия сыйымдылығымен (Батыс Еуропа елдері және Америка Құрама Штаттары экономикасының энергия сыйымдылығымен салыстырғанда 3-5 есе жоғары), экономикалық өндірістің биік көлемдерімен және энергетикалық баланстағы көмірдің басымдылығымен (Қазақстанда электр энергиясының 70 % көмірді жағу арқылы өндіріледі) сипатталады. Қазақстанда энергияның шығындары үлкен, ол энергетикалық саланы тиімсіз етеді. Оның негізгі себептері ескірген технологияларды қолдану болып отыр. Осы орайда, әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспары жобасының негізіне салынған орнықты даму принциптеріне сәйкес Қазақстан төмен көміртекті экономиканы ендіру жолына түсуі қажет, яғни, қоршаған ортаның тұтастығын сақтап, экономикалық өсуге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Климаттың өзгеруі Қазақстан экономикасына және бірінші кезекте ауыл шаруашылығы өндірісіне айтарлықтай жағымсыз әсер етеді. Осыған байланысты, осы күнгі және күтілетін климаттық өзгерістерге табиғи және адамгершілік жүйелердің осалдығын қысқартуға бағытталған уақытылы бейімделу шараларын әзірлеу және өткізу мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ол қолайсыз климаттық жағдайларда Қазақстан экономикасының барлық салаларында шығындарды төмендетеді.

Қазақстанда гидроэнергия, жел энергиясы, күн, геотермалдық энергия, биомасса түріндегі жаңартылатын энергияның едәуір ресурстары бар. Қазіргі уақытта еліміздің гидроэнергетикалық әлеуеті жылына 170 миллиард киловатт сағатына бағаланады. Күн энергиясын әлеуетті ықтимал өндіру жылына 2,5 миллиард киловатт сағатына бағаланады. Қазақстанда жел энергетикасы едәуір әлеуетке ие. Жоңғар қақпасы мен Шілік дәлізі аудандарында желдің орташа жылдамдығы секундына 5 және 9 м а р а л ы ғ ы н д а б о л а д ы .

2009 жылы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары қабылданды , олардың мақсаты экономиканың энергия сыйымдылығын және электроэнергия өндірісі секторының қоршаған ортаға әсерін, оның ішінде парниктік газдар шығарындыларын төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың үлесін арттыру болып табылады. Осы бағыттағы жұмыс республикадағы баламалы энергия көздерінің үлесін 2014 жылға қарай 0,1 % арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, энергетикадан жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы парниктік газдар шығарындыларының жалпы қысқаруы CO_2 500 мың тоннадан 2,5 млн . т о н н а ғ а д е й і н к ұ р а у ы м ү м к і н .

Министрліктің келесі маңызды міндеттер кешені - экологиялық мониторингтің қазіргі заманғы жүйесін енгізу және Қазақстан Республикасының гидрометеорологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Министрлік Дүниежүзілік банк сарапшыларының қатысуымен жүргізілген талдау қазақстандық гидрометеорологиялық қызметі елеулі жаңартуға мұқтаж. Қолда бар бағалаулар бойынша метеоқызметті жеткіліксіз жабдықтау есебінен Қазақстанның жыл сайынғы экономикалық шығындары шамамен 200 миллион АҚШ долларын құрайды. Бұл біздің еліміздің ЖІӨ құрылымындағы ауа-райына тәуелді салаларының үлесі 45 %-ды құраумен байланысты. Гидрометеорологиялық мониторинг жүргізу бойынша техникалық қайта жарақтануға және бақылау желісін дамытуға жыл сайын жеткіліксіз қ а р а ж а т б ө л і н у д е .

Елдің гидрометеорологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үшінші стратегиялық бағыт ретінде гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жаңғырту және жүргізу анықталып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық гидрометеорологиялық қызметін (бұдан әрі - ҰГМҚ) кезең-кезеңімен жаңғырту ұсынылады. Қазіргі уақытта 2015 жылға дейінгі перспектива бойынша әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының ҰГМҚ жаңғырту жөніндегі 2010 - 2012 жылдарға арналған шаралар кешені судың сапасын, атмосфералық ауаны, радиация мен топырақты бақылау жөніндегі автоматтық жүйелерге негізделген

қоршаған орта мониторингінің жаңа моделін қалыптастыруды, трансшекаралық өзендерде жедел талдау зертханаларын ашуды, өлшеудің жетілдірілген әдістерін пайдалануды, сандық ауа-райы болжамдар моделдерін құруды, қауіпті және дүлей гидрометеорологиялық құбылыстар туралы метеорологиялық және гидрологиялық болжамдарды және ерте ескерту жүйелерін дамытуды көздейді.

Қазақстанның ҰГМҚ жаңғыртудың бірінші кезеңін (2010-2012 жылдар) қаржыландырудың қажетті сомасы 31,5 млрд. теңгені құрайды. Республикалық бюджеттен осы мақсаттарға бөлінетін 4,5 млрд. теңге сомасындағы қаржылық қаражат бақылау пункттері санының қажетті арттырусыз бақылау желісіндегі моральді тозған аспаптар мен жабдықтарды ауыстыруға шығындарды ғана жабуға мүмкіндік береді, бұл болжамдардың расталуы және қоршаған орта жай-күйінің сапасын бағалау тиімділігі бойынша көрсеткіштерді ішінара ғана жақсартуға әкеледі.

3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері

1. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту
2. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тетіктерін құру
3. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жаңғырту және жүргізу

Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1448 Қаулысымен.

Р/с №	Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және бюджеттік бағдарламалар (атаулары)	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту								
2.	1.1-мақсат. Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту								
3.	Нысаналы индикаторлар 1. Ластаушы заттардың атмосфераға меншікті жалпы шығарындысы	ЖІӨ млн. теңгесіне тонна	0,30	0,29					
4.	2. Ластаушы заттардың су көздеріне төгінділері	ЖІӨ млн. теңгесіне тонна	0,19	0,185					
5.	3. Қалдықтардың түзілуіне оларды қайта өңдеудің үлесі	%	15	20	20,1	20,7	20,8	21,9	21,9
6.	4. 2009 жылмен салыстырғанда атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының төмендеу пайызы	%	0	0	1,5	1,5	1,5	5,9	5,9
7.	5. 2009 жылмен салыстырғанда қоршаған ортаға ластаушы заттар төгінділерінің төмендеу пайызы	%	0	0	1,75	1,75	1,75	3,5	3,5
8.	1.1.1-міндет. Қоршаған ортаға шығарындылар мен төгінділерді азайту және қалдықтарды орналастыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру								

9.	Жалпы шығарындылар нормативтері белгіленген мандерінің көлемі	млн. тонна	3,45	3,4	3,35	3,35	3,35	3,2	3,2
10.	Ластаушы заттар төгінділерінің нормативтері белгіленген мандерінің көлемі	млн. тонна	2,9	2,85	2,8	2,8	2,8	2,75	2,75
11.	Оларды іске асыру қоршаған ортаға кері әсер етуге әкелуі мүмкін нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың мемлекеттік экологиялық сараптамасының рәсімін жүргізу	%	80	100	100	100	100	100	100
12.	Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру бойынша жобалық материалдар әзірлеу	дана				3			
13.	1.1.2-міндет. Қоршаған орта сапасының нормативтеріне кезенді қол жеткізу және экологиялық ережелерді күшейту үшін қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету, қоршаған ортаға орнықты органикалық ластағыштардың кері әсерін төмендету, қоршаған ортаның қалпына келу үдерістерін ғылыми қамтамасыз етуді және нормативтік әдістемелік құжаттамаларды қамтамасыз етуді қалыптастыру								
14.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) тәжірибеге енгізу	үстіміздегі жылы өткізілген ҒЗЖ олардың орындалатын жалпы санына %	45	50	55	60	65	70	80
15.	Экологиялық кодексті дамытуда әзірленген нормативтік әдістемелік құжаттамалардың саны	құжаттардың жобалары	-	35	35	35	40	51	51
16.	«Экологиялық ережелердің қаталдығы» индекcін арттыру	орын		95					
17.	1.1.3-міндет. Қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық-экономикалық тетіктерін жетілдіру								
18.	Экологиялық төлемдерден (салықтардан) алынған қаражаттар мен мемлекеттік бюджеттің қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстары арасындағы қатынасты қамтамасыз ету	%	27	85					
19.	Басқарудың және қалдықтарды кешенді қайта өңдеудің экологиялық-экономикалық тетігін құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс			1				
20.	1.1.4-міндет. Экологиялық реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру								
21.	Олардың жиынтық шығарындылары белгіленген лимиттер шегінде қалған ірі табиғат пайдалану объектілерінің үлесі	%	79	82	85	88	89,5	90	90,5
22.	Олардың жиынтық төгінділері белгіленген лимиттер шегінде қалған ірі табиғат пайдалану объектілерінің үлесі	%	83	85	88	90	92,5	94	95

23.	Олардың уытты қалдықтары лимиттер шегінде қалған ірі табиғат пайдалану объектілерінің үлесі	%	65	67	70	75	80	87	90
24.	Табиғат қорғау іс-шаралары жоспарларын мерзімінде орындайтын ірі табиғат пайдалану объектілерінің үлесі	%	62	64	70	75	77	79	80
25.	Экологиялық есеп беруді мерзімінде ұсынатын табиғат пайдаланушылардың үлесі	%	94	95	97	98	98,5	99	99,5
26.	Мемлекеттік бақылаудың орындалған нұсқамаларының үлесі, берілген нұсқамалардың жалпы санына %	%	84	85	88	90	90	95	95
27.	Ірі кәсіпорындардың сандық технологиялары негізінде өндірістік экологиялық бақылаудың кешенді жүйелерін енгізуі	жалпы санға %-бен		1	3	5	7	9	11
28.	1.1.5-міндет. Аумақтық бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету, талдамалық зертханаларды техникалық қайта жаратандыру және жаратандыру, инспекциялық жұмыстың кадрлық және әдістемелік қамтамасыз етілуін арттыру								
29.	ИСО/МЭК 17025-2007 ҚР СТ стандарты бойынша зертханаларды аккредиттеу	аккредиттеу аттестаттары	6	6	4	3	0	0	4
30.	Өңірлер бойынша зертханалардың жабдықпен және аспаптармен жаратандырылуын арттыру	%	80	80	87	90	90	93	95
31.	Қоршаған ортаны қорғаудың жаңа аумақтық бөлімшелерін құру және қолданыстағы аумақтық бөлімшелерін қайта ұйымдастыру жолымен құрылымдық қайта құруларды жүргізу	қайта құрулардың саны	1	1		1			1
32.	1.2-мақсат. Табиғи ортаны қалпына келтіру								
33.	Нысаналы индикаторлар 1. «Тарихи» ластанулардың табиғи ошақтарын тазарту технологияларын әзірлеу	әзірленген технологиялар саны	3	3	2	2			
34.	2. Шөлейттену және азып-тозу үдерісін төмендету	%	0,05	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
35.	1.2.1-міндет. Су бұру жүйелерін және кәріздік тазарту құрылыстарын салу, қайта жаңғырту және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру								
36.	Суды бұру және кәріздік тазалау құрылыстары жүйесін салу, қайта жаңғырту және жаңғырту жөніндегі іске асырылып жатқан жобалардың саны	дана	8	4	7	7	6	20	20
37.	1.2.2-міндет. Экологиялық апат аймақтарындағы экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін жүргізу								
38.		ҒЗЖ саны		2	2				

	Экологиялық апат аймағындағы экологиялық ахуалды зерделеу бойынша ғылыми зерттеулерді өткізу								
39.	1.2.3-міндет. Табиғи ортаның азып-тозуын тоқтата тұру, «тарихи» ластануларды жою								
40.	«Тарихи» ластануларды жою жөніндегі іске асырылып жатқан жобалар саны	дана	2	1	1	1	1	6	6
41.	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, іске асырылатын жобалар бойынша « тарихи» ластанулардан тазартылған аумақтың пайызы	« %	0	0	0	100			
42.	Шөлейттенуге қарсы күреске бағытталған патриоттық іс-шараларды өткізу	дана						1	2
43.	2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тетіктерін көру								
44.	2.1-мақсат. Теңгермелі даму құралдарын қалыптастыру								
45.	Нысаналы индикаторлар 1. Экологиялық орнықтылық индексі	балл	64	64,5					
46.	2. Ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіші	%	0,32	0,33	0,34	0,35	0,37	0,38	0,39
47.	Экономиканың энергия сыйымдылығы	ЖІӨ млн. теңгесіне мұнай баламасының тоннасы	16	15					
47-1.	2008 жылмен салыстырғанда 2014 жылға қарай энергия сыйымдылығының төмендеуі 10%	%	0	1,5	3,2	4,8	6,2	8,2	10
48.	2.1.1-міндет. Орнықты даму қағидаттарын ендіру және Қазақстанның өңірлері және салалары бойынша нысаналы көрсеткіштерді әзірлеу								
49.	Олар үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері әзірленген өңірлер саны	дана	2	4	10				
50.	Өңірлер үшін орнықты дамуға көшу бағдарламалары әзірленген олардың саны	дана	2	3					
51.	2.1.2-міндет. Қазақстан өңірлері бойынша қоршаған ортаның ластануынан халықтың денсаулығы үшін қауіпті бағалау								
52.	Ауыл округтердің әзірленген экологиялық паспорттарының саны	дана	196	276	276	200	200	210	250
53.	2.2-мақсат. Халықаралық экологиялық ынтымақтастықты тереңдету және орнықты даму аймақтарын қалыптастыру								
54.	Нысаналы индикаторлар 1. Орнықты дамудың трансшекаралық аймақтарын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу	саны, дана	1	0	1	1			
	2. Қазақстан Республикасында экология және орнықты даму жөнінде								

55.	ірі халықаралық форумдарды (конференцияларды) өткізу	саны, дана	1	0	1	1			
56.	2.2.1-міндет. Экология және орнықты даму мәселелерінде басқа мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты жандандыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттейтін халықаралық конвенцияларды іске асыру								
57.	Шетел мемлекеттерімен екі жақты, көп жақты келісімдерге, меморандумдарға қол қою	саны	4	2	4	1	1	1	1
58.	Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық конвенцияларын іске асыру шеңберінде ұлттық баяндамалар дайындау	дана	5	5	4	5	4	5	4
59.	Бассейндік қағидат бойынша халықаралық конвенцияларды іске асыруды және Қазақстанның экожүйелі аймақтарын құруды ғылыми қамтамасыз ету	ҒЗЖ саны	14	5	0	0	0		
60.	2.2.2-міндет. Каспий теңізі қайранының және шектес аумақтардың ластануының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру								
61.	Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Хаттамалар жобаларын дайындауға қатысу	хаттамалар саны	1	4	2	1	1	1	1
62.	2.3-мақсат. Жаңартылатын ресурстар мен энергия көздерін тиімді пайдалану үшін экономиканы бағыттау және жағдайлар құру								
63.	Нысаналы индикатор 1. Энергия тұтынудың жалпы көлеміне балама энергия көздерін пайдаланудың үлесі	%	0,026	0,028	0,03	0,03	0,04	0,07	0,1
64.	2.3.1-міндет. Жаңартылатын энергия көздерін тиімді және ұтымды пайдалану саласында заңнамалық негізді, стратегиялық құжаттарды құру								
65.	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды ынталандыру тетіктерін ендіру	дана				1			
66.	2.3.2-міндет. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі бойынша жобаларға инвестицияларды тартуға жәрдем беру								
67.	Баламалы энергетиканы дамыту және ендіру есебінен қоршаған орта сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізу	саны, дана				1			
68.	2.4-мақсаты. Парникті газдарды төмендету								
69.	Нысаналы индикатор Парник газдардың шығарындылары	1992 жылға %	72	77	82	87	90	92	94
70.	2.4.1-міндет. Киото хаттамасын іске асыру								
71.	Киото хаттамасын қолдауға әзірленген нормативтік құқықтық актілердің саны	Нормативтік құқықтық актілер (бұдан әрі - НҚА) жобалары		3	3	1	2	2	2

91.	Гидрометеорологиялық мақсаттағы аспаптарды жөндеу және тексеру бойынша Өлшеу құралдары қызметін құру және дамыту				1		1		
92.	3.1.5-міндет. Қазақстан Республикасының Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі бөлімшелерін қызметтік-өндірістік ғимараттармен қамтамасыз ету								
93.	Қызметтік-өндірістік ғимараттардың құрылысы және құрылыстың аяқталуы	объектілер саны	0	1	1	1	2		
94.	3.2-мақсат. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жетілдіру								
95.	Нысаналы индикатор Қазақстан Республикасының аумағын гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингі пункттерімен қамтамасыз ету	%	60	60	60	61	61	61	61
96.	3.2.1-міндет. Мемлекет пен халықтың гидрометеорологиялық ақпаратта қажеттілігін қамтамасыз ету, оның ішінде қауіпті және апатты гидрометеорологиялық құбылыстар туралы уақытылы ескерту								
97.	Қауіпті және апаттық гидрометеорологиялық құбылыстар туралы дауыл ескертулердің алдын ала уақытылығын ұлғайту	сағат	4 8 дейін	4 8 дейін	4 8 дейін	4 8 дейін	4 8 дейін	6 0 дейін	6 0 дейін
98.	3.2.2-міндет. Мемлекеттік органдар мен халықты қоршаған орта ластануының жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету								
99.	Атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың анықталатын көрсеткіштер спектрін кеңейту	көрсеткіштер саны	1 6 дейін	1 6 дейін	1 6 дейін	1 7 дейін	1 7 дейін	1 8 дейін	1 8 дейін
100.	су объектілерінде	көрсеткіштер саны	4 0 дейін	4 5 дейін	4 5 дейін	4 5 дейін	4 5 дейін	4 6 дейін	4 7 дейін
101.	топырақта	көрсеткіштер саны	5 дейін	5 дейін	5 дейін	6 дейін	6 дейін	7 дейін	7 дейін

Стратегиялық бағыттар мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органдардың стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Оларды іске асыру үшін мемлекеттік органның қызметі бағытталған мемлекеттің стратегиялық бағыттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
I-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту		
1.1-мақсат. Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту	«...Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту»	Елбасының 1997 жылғы «Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан Азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты (IV басымдық)
	« Б і з : - қоршаған ортаны қорғауды және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануды ы н т а л а н д ы р у ғ а - шаруашылық қызметтің нәтижесінде	«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған « Нұр Отан» халықтық демократиялық

	пайда болған жағымсыз экологиялық зардаптардың болдырмауына - табиғат қорғайтын технологиялардың дамуына және мемлекеттік қолдауына жетеміз.»	партиясының сайлау алдындағы платформасы
1.2-мақсат. Табиғи ортаны қалпына келтіру	« Б і з : - Қазақстан Республикасының аумағында (Семей, Арал т.б.) орналасқан « экологиялық апат» аймақтарының ақталуына жетеміз.»	«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған « Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тетіктерін құру		
2.1-мақсат. Теңгермелі даму құралдарын қалыптастыру	«...біз 2010 жылы қоғамның тұрлаулы дамуының негізгі экологиялық стандарттарын жасауға тиіспіз»	Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында,Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауы
2.3-мақсат. Жаңартылатын ресурстар мен энергия көздерін тиімді пайдалану үшін экономиканы бағыттау және жағдайлар жасау	«...өзіміздің табиғи ресурстарымызды парасатты пайдалану және қоршаған ортаны ластау, ескірген әрі «кіршен» технологияларды бақылаусыз әкелу, қалпына келетін ресурстарды ұқыпсыз жұмсау секілді және т.б. проблемаларды шешу үшін тиімді заңнамалық негіз қалыптастыру қажет.»	Қазақстан Республикасының Президенті 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы
3-стратегиялық бағыт. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жаңғырту және жүргізу		
3.1-мақсат. Мемлекеттің гидрометеорологиялық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Гидрометеорологиялық қызмет жүйесін реформалап және жаңғыртып, Қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру	Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары

4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер

Жүргізіліп жатқан әкімшілік реформа шеңберінде Министрліктің құрылымы Стратегиялық жоспардың бағыттарымен, мақсаттарымен және міндеттерімен мынадай жолдармен сәйкестендіріледі:

Министрліктің стратегиялық жоспарларын әзірлеу және орындау бойынша б ө л і м ш е л е р д і к ү ш е й т у , Киото хаттамасы бойынша қызметті реттеу жөніндегі уәкілетті органды құру және о н ы ң қ ы з м е т і н қ а м т а м а с ы з е т у . Орталық және аумақтық органдардың қызметін жақсарту және жетілдіру мынадай

жолдармен қамтамасыз етіледі:
 материалдық және ақпараттық-техникалық жабдықтауды арттыру;
 мемлекеттік қызметтерді ұсыну сапасын арттыру;
 мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру;
 Министрліктің аумақтық бөлімшелері қызметінің тиімділігіне және сапасына
 рейтингтік бағалауды жүргізу;
 қолда бар ақпараттық ресурстарды қолдану жөніндегі жұмысты жетілдіру (ЭҚБЖ -
 электрондық құжат айналымның бірыңғай жүйесі, МОИП - мемлекеттік органдардың
 интранет-порталы).

Бұл үшін Министрлікпен сапалы және тиімді жұмысқа кадрлық әлеует дәлелдері
 тетіктерінің кеңейтілген аясын енгізу мәселелерін қарастыратын кадрлық әлеуетті
 қалыптастыру, дамыту және сақтау жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Ұжымды
 біріктіру, корпоративтік рух пен қызметшілердің салауатты өмір салтын қолдау
 мақсатында корпоративтік және спорт шаралары ұйымдастырылатын болады.
 Ақпаратты жинақтау және пайдалану жүйесінің еңбек сыйымдылығын ретке келтіруге
 және қысқартуға, сондай-ақ, Министрлік қызметшілерінің ақпараттық ресурстармен
 тиімді жұмыс істеу және оларды күнделікті жұмыста пайдалану дағдыларын дамытуға
 бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Бұдан басқа, экологиялық мониторингтің қазіргі заманғы жүйесін енгізу және
 Қазақстан Республикасының гидрометеорологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 мақсатында гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингтің ұлттық жүйесін
 реформалау жұмыстары жалғастырылады.

Ықтимал тәуекелдер

Өз қызметінің үдерісінде Министрлік мынадай бірқатар тәуекелдерге тап
 болуы мүмкін:

Р/с №	Тәуекелдің атауы	Әсер етудің превентивті және (немесе) уақытылы шараларын қабылдамау жағдайындағы ықтимал салдар	Басқарудың тетіктері және шаралары
1	2	3	4
1.	Климаттың жаһандық өзгеруі салдарының өсуі	Төтенше экологиялық жағдайлардың пайда болуы, су ресурстарының тұрақсыздануы	- парниктік газдардың шығарындыларын төмендету жөніндегі жобаларды іске асыру, - Қазақстанның пост-Киото режиміне кіру бойынша келіссөздерді жүргізу
2.	Табиғи ортаның трансшекаралық ластанулары	Табиғат объектілердің және экологиялық жүйелердің бақыланбас азып-тозуы	- экологиялық қауіп-қатерді превентивті әсер ету тетіктерін құру; - трансшекаралық мемлекеттермен келісімдер жасасу бойынша іс-шараларәзірлеу

3.	Жинақталған тарихи ластанулары бар аймақтарда қиын экологиялық ахуалдың пайда болуы	Қоршаған ортаның жай-күйіне қолайсыз салдар	- тарихи ластануларды түгендеуді жүргізу, - оларды іске асыру жөніндегі жобаларға басымдылар мәртебесін беру
4.	Өсіп келе жатқан мұнай операцияларының салдарынан Каспий теңізінің ластануы	Бірегей экологиялық жүйелердің бұзылуы	- мұнай кен орындарын әзірлеу жобаларына жоғары талаптарды қолдану
5.	Гидрометеоқызметтің және экологиялық мониторинг жүйесінің техникалық жағынан толық жабдықталмауының сақталуы	Болжамдар дәлдігінің төмендеуі, табиғи және экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болуына уақытылы әсер етпеу	- Республикалық бюджеттік комиссияның қарауына осы мақсаттар үшін қаржыландыруды ұлғайту есебімен гидрометео қызметтің техникалық қайта жарактандыруы бойынша бюджеттік өтінімін енгізу

5. Ведомствоаралық өзара әрекеттестік

Р/с №	Стратегиялық бағыт, мақсаттар, міндеттер	Салааралық үйлестіруді талап ететін іс-шаралар
1.	1-стратегиялық бағыт. Қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және жақсарту	
2.	1.1-мақсат. Қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету	
3.	1.1.1-міндет. Қоршаған ортаға шығарындылар мен төгінділерді төмендету және қалдықтарды орналастыру бойынша шараларды әзірлеу және іске асыру	ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері - өнеркәсіп салаларының қажеттіліктері үшін қауіпсіз және аз қауіпті қалдықтарды өндіріске қайталата тарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру; Құрылыс агенттігі - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінен қоршаған ортаға эмиссияларды азайту бойынша әдістемелік құжаттарды әзірлеу; АШМ - ауыл шаруашылық реагенттерін қолданған кезде қауіпсіздікті және қалдықсыздықты қамтамасыз ету; ККМ - қауіпті қалдықтарды тасу (тасымалдау) кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету
4.	1.1.3-міндет. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетіктерін жетілдіру	ИСМ, ЭМРМ, АШМ, Қаржымині (Кеден комитеті) - ескірген технологиялар мен жабдықтарды әкелуді қысқарту бойынша шаралар кешенін ендіру
5.	1.1.4-міндет. Экологиялық реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру	АШМ, ЖРА, ИМ - табиғи ресурстарды заңсыз пайдаланудың барлық түрлерін болдырмау және бұлтартпау бойынша жұмыс, табиғат қорғау, санитарлық және карантиндік іс-шараларға қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресте көмек көрсету; ЭМРМ, АШМ, ЖРА - өз құзыреті шегінде қолданыстағы нормалар мен талаптарды сақтауға мемлекеттік бақылауды күшейту, мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен жер қойнауын пайдаланудың жай-күйіне кешенді тексерістерді өткізу; ДСМ - тамақтану стандарттарын жақсарту, ішкі нарықта тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды күшейту; ТЖМ - өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру.
6.	1.2-мақсат. Табиғи ортаны қалпына келтіру	
7.		ЭБЖМ - елдің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен көзделген экологиялық апат аймақтарындағы экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету; ИСМ, АШМ, ДСМ, ҰҒА - экологиялық сәтсіздік дәрежесін тұрақтандыру және

	1.2.2-міндет. Экологиялық апат аймақтарындағы экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін жүргізу	төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халық денсаулығының жай-күйіне салдарды минимизациялау бойынша шараларды келісіп әзірлеу.
8.	1.2.3-міндет. Табиғи ортаның азып-тозуын тоқтата тұру, «тарихи» ластануларды жою	АШМ - ауыл шаруашылығы жерлерін жайластыру және табиғи ландшафттарға бейімделген ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесін ендіру, ауыл шаруашылық мақсаттардағы жерлерде топырақтың табиғи құнарлығын сақтау және қ а л п ы н а к е л т і р у ; ЖРА - жер ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды бақылауды күшейту, жердің азып-тозу үдерістерін тоқтату жолдарын әзірлеу.
9.	2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тетіктерін құру	
10.	2.1-мақсат. Теңгермелі даму құралдарын қалыптастыру	
11.	2.1.1-міндет. Қазақстанның өңірлері және салалары бойынша орнықты дамудың нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері - өңірдің орнықты даму индикаторларының мониторингін жү р г і з у ; БҒМ - жоғарғы білімнің оқу бағдарламаларына және жоспарларына орнықты даму мәселелерін біріктіру жөніндегі ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а у ; ЭМРМ, ИСМ, ККМ, ДСМ, БҒМ, ЖРА - саланың орнықты дамуының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеуді қамтамасыз ету ; Еңбекмині - еңбек ресурстарын дамыту, еңбек қызметінің қауіпсіз шарттарын қамтамасыз ету, мемлекеттік, әлеуметтік кепілдерді іске асыру жөніндегі саланың орнықты дамуының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету; АБА - халыққа және бизнеске электрондық мемлекеттік қызметтерді ендіру және көрсету.
12.	2.2.1-міндет. Экология және орнықты даму мәселелерінде басқа мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты жандандыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттейтін халықаралық конвенцияларды іске асыру	СІМ - келісілген халықаралық экологиялық саясатты жүзеге асыру, орнықты даму және экология жөніндегі халықаралық форумдарды (конференцияларды) ұйымдастыруға көмектесу.
13	2.3.2-міндет. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі бойынша жобаларға инвестицияларды тарту	ЭМРМ, АШМ - жаңартылатын энергия көздері және энергия үнемдеу бойынша жобаларын келісу, бекіту рәсімдерін оңайлату
14.	3-стратегиялық бағыт. Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жаңғырту және жүргізу	ЭБЖМ - гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жаңғыртуды және жүргізуді қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т у ; АШМ - гидрологиялық бақылаулардың мемлекеттік желісін дамыту бойынша бірлескен жұмыс. ҰҒА - ғарыш мониторингін жүргізу бойынша бірлескен жұмыс

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ККМ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ЭМРМ Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ИСМ Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда

АШМ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Еңбекмині	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЭБЖМ	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қаржымині	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ІІМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ТЖМ	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ҰҒА	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
АБА	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Құрылыс агенттігі	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
ЖРА агенттігі	Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

6. Бағдарламалық және нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі

1. Қазақстан Республиканың 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі;
3. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі;
4. «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңы;
5. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы;
6. «Қазақстан Республикасының 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығы;
7. «Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығы;

8. «Қазақстан Республикасының 2008 - 2010 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы № 162 қаулысы;

9. «Орнықты дамуға көшудің нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 848 қаулысы;

10. «Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктері сапалы жаңа деңгейге қол жеткізудің 2008 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1332 қаулысы.

7. Бюджеттік бағдарламалар

